

## **«Alikhan Bokeikhan University» ББМ**

**8D016 – Гуманитарлық ғылымдар бойынша педагогтар даярлау бағыты  
D01602 «Тарих» – білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық  
кеңестің 2023 жылғы жұмысы туралы**

### **ЕСЕБІ**

8D016 – Гуманитарлық ғылымдар бойынша педагогтар даярлау бағыты  
D01602 «Тарих» – білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін диссертацияларды қоргауға арналған Диссертациялық  
кеңес.

#### **Жалпы мәліметтер**

ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02 мамыр 2023 ж. № 190  
бүйрығына сәйкес «Alikhan Bokeikhan University» 8D016 «Гуманитарлық  
ғылымдар бойынша педагогтар даярлау» бағыты бойынша философия докторы  
(PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау  
жөніндегі Диссертациялық кеңес ашылды.

Диссертациялық кеңес кұрамы «Alikhan Bokeikhan University» ректорының  
2023 жылғы 08 маусымдағы № 36 бүйрығымен бекітілген:

1. т.ғ.д., Адильбаева А.С.
2. т.ғ.к. Мамырбеков А.М.
3. т.ғ.к. Болатова К.Б.

Диссертациялық кеңестің төрайымы - т.ғ.д., Адильбаева А.С.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы - т.ғ.к. Болатова К.Б.

#### **1. Откізілген отырыстар саны туралы деректер**

Есеп беріліп отырган мерзімде диссертациялық кеңесте 6D011400 «Тарих»  
мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор  
дәрежесін алу үшін диссертацияларды қоргауға қабылдан алу және  
диссертацияларды қорғату бойынша 3 отырыс өткізілді.

#### **2. Откізілген отырыстар санының жартысынан азына қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты.**

Откізілген отырыстар санының жартысынан азына қатысқан кеңес мүшесі  
болған жок. Диссертациялық кеңес мүшелері барлық отырыстарға толық  
қатысты.

#### **3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.**

Есеп беріліп отырган мерзімде диссертациялық кеңесте 6D11400 «Тарих»  
мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша диссертация  
қоргалды:

- 1 Байгапанова Айгуль Болатовна - «Alikhan Bokeikhan University»
- 2 Идрисова Гульжан Бердимбаевна- Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университеті.

**4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау**

**1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау**

1. Байгапанова Айгуль Болатовнаның – «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту әдістемесі (1939-1997жж)» атты диссертациялық жұмысы қазіргі уақыттағы білім мен ғылымның жаһандану аясында еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын айқындау, осыған дейін зерттеудердің нәтижелері бүгінгі күн тұрғысынан қайта қарау қажеттігін көрсетеді. Зерттеу нысаны - аймақтардың даму мәселесін зерттеу және оны талдау әр уақытта қоғамдық ғылымдардың, соның ішінде отандық тарихтың маңызды міндеті болып келеді, көптеген бағдарламалары мен қабылданған қаулылары, шешімдері жинақталған құжаттыға шынайы тарихи үрдістер ауқымында зерттеулерге сынни талдау жасап, сынни көзben қарап, оларды жаңаша зерделеп, сараптауға негізделген. Бүгінде қайта құрылған Абай облысының әлеуметтік-экономикалық саласында тың өзгерістер жасау үшін өткен тарихи кезеңнің тәжірибелерін қолданысқа енгізуде маңызы бар - деп санаймыз.

2. Идрисова Гульжан Бердимбаевнаның «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» атты тақырыбындағы жұмыс Диссертация өзектілігінің негізdemесі нақты көрсетілген, өзіктілігі дәйекті талданған. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Диссертация мазмұнын аштын, ғылыми аппарат құрылған. Қысқартылған сөздер тізімін, оның ашылу мәтінін көрсеткен, сөздік жасалынған, басшылыққа алынған нормативтік құжаттар тізімі ұсынылған. Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбы мен мазмұнына сәйкес келеді. Диссертацияның тараулары мен бөлімдері осы осы мақсаттар мен міндеттерді ашуға негізделіп құрылған, мақсат, міндеттен ауытқушылық жоқ.

№	Докторанттың Т.А.Ә	Диссертацияның тақырыбы	Ғылыми кенесшілері	Ресми рецензенттері
1	Байгапанова Айгуль Болатовна	«Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту әдістемесі (1939-1997жж)»	Адильбаева Айгуль Сериккановна – тарих ғылымдарын ың докторы, «Alikhan Bokeikhan University». 2) Болатова Қаламқас	Тұрсұн Хазретәлі Маханұлы – тарих ғылымдарын ың докторы, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Тарих кафедрасыны ң

			<p>Болатовна – тарих ғылымдарын ың кандидаты, тарих және география кафедрасыны ң менгерушісі, «Alikhan Bokeikhan University» 3) Магауова Ақмарал Сабитоллаевн а – педагогика ғылымдарын ың докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 4) Лысенко Юлия Александров на тарих ғылымдарын ың докторы, профессор Алтай мемлекеттік университеті РФ.</p>	<p>профессоры. Қарасаев Фани Мұқашұлы – тарих ғылымдарын ың докторы, Қазақстан Республикас ының Ғылым және жоғары білім министрлігіні ң Мемлекет тарихы институтыны ң белім басшысы, ғылыми қызметкері.</p>
2	Идрисова Гульжан Бердимбаевна	«Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизацияла у тарихы»	<p>1) Тұрсұн Хазретәлі Маханұлы – тарих ғылымдарын ың докторы, Қ.А.Ясауи</p>	<p>1.Найманбаев Бекмұрат Рахымбердие вич - тарих ғылымының кандидаты, Оңтүстік</p>

		<p>атындағы ХҚТУ Тарих кафедрасыны ң профессоры. 2) Атемова Калипа Турсуновна - тарих ғылымдарын ың докторы, профессор Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Раджабов К.К. тарих ғылымдарын ың докторы, профессор (Өзбекстан Республикасы FA Тарих институты)</p>	<p>Қазақстан педагогикалы қ университеті. 2.Картаева Таттигул Ерсайыновна - тарих ғылымының кандидаты, профессор Әл-Фараби атындағы КазҰУ.</p>
--	--	---	--

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18- бабының З-тармагына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жсанындағы Жөгөры ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму базындарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалар мен байланысы

1. Байгапанова Айгүль Болатовнаның – «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту әдістемесі (1939-1997жж)» атты диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік бағдарламасының бағытына сәйкес келеді. Сонымен қатар Қазақстандық білім мен ғылымының жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайту және жалпы адамазаттық құндылықтар негізінде оқыту мәселелерін қамтиды.

Диссертация нысаналы бағдарламаның аясында орындалған:

Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік бағдарламасы талаптарына сәйкес

орындалған. 4 пункт «Бағдарламаны іске асыру мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және нәтижелерінің көрсеткіштері».

Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес. 7 пункт «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер».

2. Идрисова Гульжан Бердимбаевнаның «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» тақырыбындағы атты зерттеуі тарих ғылымын дамытудың басым бағыттарына және білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламаларға толығымен сәйкес келеді. Докторанттың зерттеу тақырыбы мемлекеттік құқықтық-реттеушілік құжаттарға, тарих, педагогика саласындағы іргелі ғылыми еңбектерге талдау барысында дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихының тарихшы мамандардың кәсіптік біліктілігін қалыптастырудың қолданудың ғылыми-теориялық негіздерін жетілдіру қажеттігін көрсеткен. Ғылым туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпанды N 407-IV Заңы; Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы; Мәдениет туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 207 Заңы; Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 514-IV Заңы мемлекеттік реєсми құжаттардың ғылыми зерттеумен байланысты бантарына диссертацияның тақырыбы, зерттеу нысаны сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы», гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы, сонымен бірге «Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамаларымен» байланысады. «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» атты жұмысы осы мемлекеттік бағдарламаларға жауап бере алады.

3) *Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.*

1. Байгапанова Айгуль Болатовнаның – «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту әдістемесі (1939-1997жж)» атты Диссертацияның теориялық маңызы бар. Бұғінде қайта құрылған Абай облысының әлеуметтік-экономикалық саласында тың өзгерістер жасау үшін өткен тарихи кезеңнің тәжірибелерін қолданысқа енгізуде маңызы бар - деп санаймыз. Диссертацияның практикалық маңызы мен алынған нәтижелерін практикада қолдануға мүмкіндігі бар. Сонымен қатар «Қазақстанның қазіргі заман» тарихы курсының дәріс, семинар, СӨЖ тапсырмаларына және № 17 жалпы орта білім беретін КММ өлкетану пәннің мазмұнына тақырып ретінде енгізген. Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі осы уақытқа дейін Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы Өлкетану курсында оқыту әдістемесі кешенді түрде зерттелмеген.

2. Идрисова Гульжан Бердимбаевнаның «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» тақырыбындағы зерттеудің теориялық

маңыздылығына келесідей шешім айтуға болады: 1) дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихын зерттеудің методологиялық және методикалық ұстанымдары деректану, тарихнамалық түрғыда талданған; 2) Кеңестік биліктің модернизациялау үдерісіндегі трансформациялық және этнодеформациялық факторлар айқындалып, негізделген.; 3) Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихын оқытудың қажеттілігі және қазіргі жағдайы теориялық-практикалық талданған. сияқты пәндерде комекші құрал ретінде қолдануга болады. «Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы» атты арнайы методологиялық семинар ұйымдастырылған. «Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы» курсаралық мазмұнына енгізуге қатысты дәстүрлі қазақ қоғамының модернизациялануы тарихына арналған қосымша тақырыптар ұсынылған. «Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы» атты таңдау курсының электронды оқулығы дайындалған. Оку үдерісіне енгізу жөніндегі практикалық ұсыныстары жаңа.

## **5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып)**

1. Байгапanova Айгүль Болатовнаның - «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту әдістемесі (1939-1997жж.)» атты диссертациясына диссертациялық кеңес тарарапынан ұсынылған рецензенттер - Тұрсын Хазретәлі Маханұлы - тарих ғылымдарының докторы, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Тарих кафедрасының профессоры.

Қарасаев Фаний Мұқашұлы - тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Мемлекет тарихы институтының білім басшысы, ғылыми қызметкері.

Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа негізді сын-пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарарапынан жасалған ғылыми-зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және тәжірбиелік колданыста кеңінен қолдану мүмкіншілігі бар екендігін көрсетеді.

2. Идрисова Гульжан Бердимбаевнаның «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» тақырыбындағы атты диссертациялық жұмысына диссертациялық кеңес тарарапынан ұсынылған рецензенттер:

Найманбаев Бекмұрат Рахымбердиевич - тарих ғылымының кандидаты, Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті.

Картаева Таттигул Ерсайыновна - тарих ғылымының кандидаты, профессор Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

Ресми рецензенттер зерттеу жұмысының өте жоғары деңгейде орындалғанына баса назар аударып, болашақта ғылымға қосылған тың зерттеулер қатарын толықтыратындығын атап өтті. Рецензиялар талаптарға сәйкес келеді, онда диссертацияның барлық артықшылықтары көрсетіліп, дұрыс ескертпелер жасалған.

## **6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.**

Ғылыми зерттеу жұмыстары нәтижелерін Қазақстандағы Рухани жаңғыруғының зерттеу нәтижелерінің жариялану міндеттерін орындауға бағыттау; Ғылыми кадрларды дайындауда деңгейін арттыру.

**7. 6D011400- Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің қаралған диссертациялары туралы деректер.**

1. Қорғауга қабылданған диссертациялар - 2

(Оның ішінде басқа жоғары оқу орындарынан) - 1

2. Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар - 0

Оның ішінде диссертациялық кеңестің алып тастанғандары - 0

3. Рецензенттердің теріс пікірін алған жоғары оқу орындарынан) - 0

диссертациялар (Оның ішінде басқа (Басқа жоғары оқу орындарынан - 0)

4. Рецензенттерден теріс пікір алғандар алғандары - 0

(Басқа жоғары оқу орындарынан - 0)

5. Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары - 0

(Оның ішінде басқа жоғары оқу орындарынан - 0)

6. Аяқтауға жіберілген диссертациялардың жалпы саны - 0

(Оның ішінде басқа оқу орындарынан - 0)

7. Қайта қорғауга жіберілген диссертациялар саны- 0

(Оның ішінде басқа жоғары оқу орындарынан - 0)

Диссертациялық кеңес төрағасы



Адильбаева А.С.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы



Болатова К.Б.

Қолын растаймын / Удостоверяю подпись	
<i>Адильбаева А.С</i>	
<i>Болатова К.Б</i>	
КАДР БӨЛІМІ	
• 5 •	01
2024 ж.г.	

инспектор ОНДП:

